

ISSN 2224-5294

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Х А Б А Р Л А Р Ы

ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ
ҒЫЛЫМДАР СЕРИЯСЫ



СЕРИЯ ОБЩЕСТВЕННЫХ
И ГУМАНИТАРНЫХ НАУК



SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

2 (300)

НАУРЫЗ – СӘУІР 2015 ж.

МАРТ – АПРЕЛЬ 2015 г.

MARCH – APRIL 2015

1962 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР АЙЫНАН ШЫҒА БАСТАҒАН

ИЗДАЕТСЯ С ЯНВАРЯ 1962 ГОДА

PUBLISHED SINCE JANUARY 1962

ЖЫЛЫНА 6 РЕТ ШЫҒАДЫ

ВЫХОДИТ 6 РАЗ В ГОД

PUBLISHED 6 TIMES A YEAR

АЛМАТЫ, ҚР ҰҒА

АЛМАТЫ, НАН РК

ALMATY, NAS RK

Б а с р е д а к т о р

ҚР ҰҒА академигі

Пралиев С. Ж.

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Баймұратов У.Б.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Байпақов К.М.**; филос. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Есім Г.Е.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қирабаев С.С.**; эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қошанов А.К.**; эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Нәрибаев К.Н.** (бас редактордың орынбасары); филос. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Нысанбаев А.Н.**; заң ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сабикенов С.Н.**; заң ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сулейменов М.К.**; эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сатубалдин С.С.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбжанов Х.М.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбусейтова М.Х.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Байтанаев Б.А.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Жақып Б.А.**; фил. ғ. докторы, проф., чл.-корр. НАН РК **Қалижанов У.К.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Қамзабекұлы Д.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Қожамжарова Д.П.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Қойгелдиев М.К.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Құрманбайұлы Ш.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Таймағанбетов Ж.К.**; социол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Шәукенова З.К.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА құрметті мүшесі **Дербісәлі А.**

Р е д а к ц и я к ең е с і:

Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Белостечник Г.** (Молдова); Әзірбайжан ҰҒА академигі **Велиханлы Н.** (Азербайджан); Тәжікстан ҰҒА академигі **Назаров Т.Н.** (Тәжікстан); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Рошка А.** (Молдова); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Руснак Г.** (Молдова); Әзірбайжан ҰҒА корр. мүшесі **Мұрадов Ш.** (Әзірбайжан); Әзірбайжан ҰҒА корр. мүшесі **Сафарова З.** (Әзірбайжан); э. ғ. д., проф. **Василенко В.Н.** (Украина); заң ғ. докт., проф. **Устищенко В.А.** (Украина)

Главный редактор

академик НАН РК

С. Ж. Пралиев

Редакционная коллегия:

докт. экон. н., проф., академик НАН РК **У.Б. Баймуратов**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **К.М. Байпаков**; докт. филос. н., проф., академик НАН РК **Г.Е. Есим**; докт. фил. н., проф., академик НАН РК **С.С. Кирабаев**; докт. экон. н., проф., академик НАН РК **А.К. Кошанов**; докт. экон. н., проф., академик НАН РК **К.Н. Нармбаев** (заместитель главного редактора); докт. филос. н., проф., академик НАН РК **А.Н. Нысанбаев**; докт. юр. н., проф., академик НАН РК **С.Н. Сабиков**; докт. экон. н., проф., академик НАН РК **С.С. Сатубалдин**; докт. юр. н., проф., академик НАН РК **М.К. Сулейменов**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Х.М. Абжанов**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **М.Х. Абусейтова**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Б.А. Байтанаев**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Б.А. Жакып**; докт. фиол. н., проф., чл.-корр. НАН РК **У.К. Калижанов**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Д. Камзабекулы**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Д.П. Кожамжарова**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **М.К. Койгельдиев**; докт. фил. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Ш. Курманбайулы**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Ж.К. Таймаганбетов**; докт. социол. н., проф., чл.-корр. НАН РК **З.К. Шаукенова**; д. фил. н., проф., Почетный член НАН РК **А. Дербисали**

Редакционный совет

академик НАН Республики Молдова **Г. Белостечник** (Молдова); академик НАН Азербайджанской Республики **Н. Велиханлы** (Азербайджан); академик НАН Республики Таджикистан **Т.Н. Назаров** (Таджикистан); академик НАН Республики Молдова **А. Рошка** (Молдова); академик НАН Республики Молдова **Г. Руснак** (Молдова); чл.-корр. НАН Азербайджанской Республики **Ш. Мурадов** (Азербайджан), член-корр. НАН Азербайджанской Республики **З.Сафарова** (Азербайджан); д. э. н., проф. **В.Н. Василенко** (Украина); д.ю.н., проф. **В.А. Устименко** (Украина)

Известия Национальной академии наук Республики Казахстан. Серия общественных и гуманитарных наук. ISSN 2224-5294

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан № 10894-Ж, выданное 30.04.2010 г.

Периодичность 6 раз в год

Тираж: 3000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18,

www.nauka-nanrk.kz / social-human.kz

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2015 г.

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

Editor in chief

S.Zh. Praliyev,
academician of NAS RK

Editorial board:

U.B. Baymuratov, dr. econ. sc, prof., academician of NAS RK; **K.M. Baipakov**, dr. hist. sc., prof., academician of NAS RK; **G.Ye. Esim**, dr. philos. sc., prof., academician of NAS RK; **S.S. Kirabayev**, dr. phil. sc., prof., academician of NAS RK; **A.K. Koshanov**, dr. econ. sc, prof., academician of NAS RK; **K.N. Naribayev**, dr. econ. sc., prof., academician of NAS RK (deputy editor-in-chief); **A.N. Nysanbayev**, dr. philos. sc., prof., academician of NAS RK; **S.N. Sabikenov**, dr. jur. sc., prof., academician of NAS RK; **M.K. Suleimenov**, dr. jur. sc., prof., academician of NAS RK; **S.S. Satubaldin**, dr. econ. sc., prof., academician of NAS RK; **Kh.M. Abzhanov**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.Kh. Abusseitov**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **B.A. Baitanayev**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **B.A. Zhakyp**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **U.K. Kalizhanov**, dr. phil. sc., prof., corr. member of NAS RK; **D. Kamzabekuly**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **D.P. Kozhamzharova**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.K. Koigeldiev**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Sh. Kurmanbaiuly**, dr. phil. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Zh.K. Taymaganbetov**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Z.K. Shaukenova**, dr. soc. sc., prof., corr. member of NAS RK; **A. Derbisali**, dr. phil. sc., prof., honorary member of NAS RK

Editorial staff:

G. Belostechnik, NAS Moldova academician (Moldova); **N. Velichanly**, NAS Azerbaijan academician (Azerbaijan); **T.N. Nazarov**, NAS Tajikistan academician (Tajikistan); **A. Roshka**, NAS Moldova academician (Moldova); **G. Rusnak**, NAS Moldova academician (Moldova); **Sh. Muradov**, NAS Azerbaijan corr. member (Azerbaijan); **Z. Safarova**, NAS Azerbaijan corr. member (Azerbaijan); **V.N. Vasilenko**, dr. econ. sc., prof. (Ukraine); **V.A. Ustimenko**, dr. jurid. sc., prof. (Ukraine)

News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of Social and Humanities.
ISSN 2224-5294

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of information and archives of the Ministry of culture and information of the Republic of Kazakhstan N **10894-Ж**, issued 30.04.2010

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 3000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,

www:nauka-nanrk.kz / social-human.kz

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2015

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 2, Number 300 (2015), 263 – 270

UDC 373.5:51

Psychophysiological features of children with violations of visual ability**Alipbek A.Z., Abdrazakova M.**

alipbek_ardak@mail.ru

South Kazakhstan State Pedagogical Institute, Shymkent, Kazakhstan

Key words: sight, ability, deviation, pedagogics and psychology.

Abstract. The main issue of teaching children with impaired Visual abilities are on par with building a culture of learning, adapting to different social change, education of dispositions of diligence. The introduction of these qualities allow the child to continue to be an equal member of society, a stable psychology. Children with impaired Visual abilities are often inattentive, nervozny, differently perceive everything new. Erroneous view that the visually impaired a little can happen. Each teacher-defectologist, caregiver must apply different methods, learning materials for their training and education.

ӨОЖ 373.5:51

**Көру қабілеті бұзылған балалардың
психофизиологиялық ерекшеліктері****Әліпбек А.З., Абдразақова М.**

alipbek_ardak@mail.ru

Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық институт, Шымкент қ., Қазақстан

Кілтті сөздер: Көру, қабілет, көру қабілеті бұзылған балалар, педагогика, психология.

Аңдатпа. Көру қабілеті бұзылған балаларды оқытудағы басты өзекті мәселе – біліммен бірге, мәдениетті, түрлі әлеуметтік жағдайларға бейім, еңбекқор жеке тұлғаны қалыптастыру. Бұл қасиеттерді бала бойына дарыту үшін мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиясын терең, жетік меңгеру керек. Нені ұнатып, нені қаламайтындарын, қарым-қатынас жасау қабілеттерін және көмекші мектеп бағдарламасын қай деңгейде меңгеріп, қабылдауда екенін толық білу керек. Көру қабілеті бұзылған балалардың зейіні тұрақсыз, қызба, қабылдау мүмкіндіктері де әртүрлі. Дегенменде, көру қабілеті бұзылған бала қабілетіне ат үсті қарау; олардан түк шықпайды деу үлкен қателік. Түрлі әдістемелік тәсілдерді пайдалана отырып, оқу материалын меңгеруі, қабылдауы оң деңгейдегі балаларды мүмкіншіліктеріне қарай дамыту – әр мұғалім-дефектологтың, тәрбиешінің басты міндеті.

Елбасының Қазақстан Халқына Жолдауында: «Ұлт денсаулығы – біздің табысты болашағымыздың негізі. Денсаулық сақтаудың ұлттық жүйесін ұзақ мерзімді жаңғырту аясында біз елдің барлық аумағында медициналық қызметтер сапасының бірыңғай стандарттарын енгізуге, сондай-ақ медицина мекемелерінің материалдық-техникалық жабдықталуын бірыңғайландыруға тиіспіз» деп ерекше атап көрсеткен [1].

Елімізде жылдан-жылға көру қабілеті бұзылған балалар саны артып келе жатыр. Алайда, ол балаларды мемлекет қамқорлыққа алып, денсаулықтары мен білім алуларына жағдай туғызуда. Бір мемлекетте, бір қоғамда өмір сүргендіктен сол елдегі халықтың дініне, нәсіліне, ұлтына қарамастан болашақ өскелең ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеу көзі ашық, көкірегі ояу, жүрегі мейірімге толы

ұстаздар қауымына тиесілі. Осыған орай, арнайы педагогика саласындағы тифлопедагогика ғылымы қарқынды түрде дамуда.

Тифлопедагогика (гр. typhlos – соқыр және педагогика) – педагогика ғылымының көру қабілеті бұзылған балаларды оқыту және тәрбиелеу жөніндегі саласы. Тифлопедагогика ғылымының міндеттері:

- көру қабілеті бұзылған тұлғаларды психологиялық-педагогикалық тұрғыдан зерттеу;
- көру қабілеті бұзылған тұлғаларды клиникалық тұрғыдан зерттеу;
- көру қабілеті бұзылу кезіндегі психологиялық тұрғыдан зерттеу;
- көру қабілеті бұзылу кезіндегі физикалық даму аномалиясының типологиясын анықтау;
- көру қабілеті кемістігі салдарынан дамымаған немесе бұзылған функцияларды түзету, жетілдіру, орнын толтыру жолдары мен жағдайларын қарастыру;
- көру қабілетінің бұзылу түрлеріне байланысты тұлғаны жан-жақты дамыту, қалыптастыру жағдайларын анықтау, зерттеу.

Ғылым саласы ретінде 19-ғасырдың басында дами бастады. Кеңес Одағы кезінде әр түрлі ауытқуы бар балаларға арналған оқыту-тәрбиелеу мекемелері ашылып, олар жалпы білім беру жүйесіне кірді. Көру кемістігі бар балалар арнайы оқыту мекемесінде білім алып, жоғары оқу орындарына түсуге жағдай жасалды. Олардың арасында академик Л.С.Понтрягин және А.Г.Витушкин, профессор В.И.Зубов, жазушылар Н.Островский, Э.Асадов, Н.Силков, А.Притчина, сазгерлер В.Никитин, Н.Поликарпов секілді көрнекті тұлғалар да бар.

Тифлопедагогика саласында мол еңбек қалдырған Б.И.Коваленко мен В.С.Свердлов болды. О.Скороходованың еңбектері дефектология ғылымында ерекше орын алады. Оның «Мен қалай қоршаған ортаны қабылдаймын және түсінемін» атты еңбегінің дефектология үшін маңызы зор. Тифлопедагогика жалпы педагогиканың саласы ретінде философияға, гуманистік тәрбие мен жалпы-дидактикалық оқыту принциптеріне, көру қабілетінің кемістігі бар адамдардың есту ерекшеліктеріне негізделіп дамиды.

Тифлопедагогиканың жаратылыстанудағы сүйенетін негізі – И.М.Сеченов пен И.П.Павловтың жоғарғы жүйке іс-әрекеті туралы ілімі. Сондай-ақ тифлопедагогика, тифлопсихология, патофизиология, педиатрия, психоневрология ғылымдарымен де тығыз байланысты.

Бүгінде тифлопедагогикада көру кемістіктерін алдын-алу, түзету жолдары, механизмдер мен кемшілігі бар функциялардың орнын толтыру жағдайы, саралап оқыту түрлері, мазмұны мен әдістері ашып көрсетіледі. Балаларды мектепке дайындыққа, мектеп көлемінде жалпы және орта кәсіптік білім алуға, рухани өсуге, эстетикалық тәрбиеге, дене тәрбиесіне, әлеуметтік-психологиялық жағынан жетілуге және еңбекке қатынасын қалыптастырады [2].

Көру қабілеті бұзылған балаларды оқытудағы мақсат – өмірлік тәжірибесі мен жалпы біліктілігін, білімін және әлеуметтік дәрежесін көтеру. Оқыту мен тәрбиелеудің әдістеріне арнайы нұсқау, бағдарлама, әдістеме, тифлотехникалық жабдықтар және т.б. жатады. Қазақстанда соқырлардың алғашқы мектебі 1932 жылы Алматыда ашылған.

Көру қабілеті бұзылған балаларға оқу процесін қабылдау және танымдық қабілеттерінің қалыптасу қиындығы тән құбылыс, өйткені дені сау бала, мүмкіндігі шектеулі балаларға қарағанда қоршаған ортаны 83% көру жүйесі арқылы, 11% есту арқылы, 3,5% мұрын арқылы, 1,5 сипап сезу арқылы, 1% дәм сезу арқылы танып біледі. Ал көру қабілеті бұзылған бала не істейді? Қоршаған ортаны қалай танып біледі? Осы орайда, балаларға сол таным мен түйсікті сезінуге және үйретуге ықпал ететін фактор – мұғалімдер. Көру қабілеті бұзылған балалар мектепке алғаш келген кезде қарапайым және түрлі ауыртпалық тудыратын қиыншылықтарға тап болады. Бұл қиындықтар қатарына өз-өзіне қызмет етуінің төмен, не мүлдем болмауы, гигиеналық тазалықты ұстана алмауы, ортаға тез бейімделмеуі сияқты мәселелерді жатқызуға болады. Сондықтан мектепке дейінгі кезеңде көру қабілеті бұзылған балаларды оқытуға арналған оқыту-кешендерінің болуы шарт. Сондай оқыту кешендері ұйымдастырылған жағдайда, мұндай топтағы балалар мектеп табалдырығын аттаған кезде білім алу оларға жеңіл, әрі тиімді болар еді.

Көру қабілеті бұзылған бала жалпы білім беретін мектепте оқытылса, сол сыныпқа сабақ беретін педагог баланың қабілетін тереңірек тексеріп және денсаулығына байланысты қойылған диагнозына қарай оқытуы тиіс. Бұл баланың көзі көрмейді, не нашар көреді деп ысырып тастауға

мүлдем болмайды. Бұл топтағы балалардың диагноздары, көзінің көру мөлшерлері, қабылдауы, ойлау ерекшеліктері, зейіні, есте сақтау қабілеттері әр түрлі деңгейде болып келеді.

Көру қабілеті бұзылған балалар үш топқа бөлінеді. Оны келесі 1-сызбадан көруге болады.

Бірінші топ – мүлдем көрмейтін балалар;

Екінші топ – көру деңгейі төмен балалар;

Үшінші топ – көру деңгейі функционалды бұзылған балалар. (қыли, амблиопия)

Сызба -1. Көру қабілеті бұзылған балалардың жіктелінуі



Бірінші топтағы балаларға Брайль жүйесінде оқытылу ұсынылады.

Брайль жүйесі – бұл бедерлі нүкте арқылы оқыту мен жазу. Аталған жүйемен оқыту үшін арнайы құралдар (прибор, брайль дәптері, грифель) қолданылады.

Бірінші топтағы балаларға Брайль жүйесін үйретпес бұрын бұлшық ет сезім қабілеттерін дамытумен жұмыс атқару керек. Баланың бұлшық ет сезім мүшелері дамыса, қалыптасса бедерлі нүктелерді сезуіне, әріптер мен сандарды тез үйренуіне көп көмегін тигізеді. Бұлшық ет сезім мүшелерін дамытуға түрлі әдістерді пайдалануға болады. Үлкен заттан бастап, ұсақ затқа дейін ауысу. Мысалы: жіпке тізілген үлкен моншақтан бастап, ұсақ моншаққа дейін төмендеу және оған ілгекті де алуға болады. Сабаққа қатысты үлестірмелі материалды грифельмен бастыру, құрастырмалы, бұрандалы заттармен, жіптің түрлерімен, өсімдік дәндері мен дақылдарын пайдалануға т.с.с. көрнекі заттармен жұмыс атқаруға болады.

Көру деңгейі төмен балалар мен көру деңгейі функционалды бұзылған балаларға мынадай үлгідегі көзге арналған жаттығулар жасатуға болады. Мысалы, әуеннің сүйемелдеуімен көзді ашып, жұму, ауаға көзбен көлденеңнен зер салу (15-20 рет), көзге сұқ және ортаңғы саусақпен жеңіл массаж жасау, т.с.с. Көзге арналған жаттығулармен қатар, денеге де жаттығулар жасап отырылады. Сонымен қатар көзге арналған электронды жаттығулар мен тренажерлер бар.

Көру деңгейі функционалды бұзылған балалардың ауру диагнозына байланысты әр қайсысымен ұсынылым бойынша жұмыс атқарылады. Егер балада миопия ауруы болса, жақында тұрған нәрселерді жақсы көреді де, алыстағыны көрмейді. Бұл баламен жеке жұмыс атқару қажет және көзге арналған арнайы жаттығуларды жасап отыру керек. Жұмыс орны жарық болуына ықпал жасау және баланың денесін тіке ұстап отыруына бақылау жасап отыру керек. Көрнекілік түстері үйлесімді реңмен берілуі тиіс (қара реңге – қызғылт сары, жасыл түсті). Көру жүктемесі 10 минуттан аспауы тиіс, ауызша жұмыс әрекеті – 10 минут.

Алыстан көру (гиперметропия Н) – алыстан да, жақыннан да көру қашықтығы бұзылған, алайда жақыннан көру қашықтығы балада анық байқалып тұрады. Мұндай баламен тақтамен жұмыс атқаруға, ұсақ заттармен, үлестірме материалдар жеке бөліктерге бөлініп беріледі.

Астигматизм (ast) – бала заттарды бұлдыр көреді, яғни алыс болса да жақын болса да көре алмайды. Астигматизмнің болу себебі – көздің айналасындағы бұлшық еттерінің бірқалыпты

болмауы. Мұндай баланың көру жүктемесі төмен деңгейде болады. Жазу жұмысы аз болуы шарт. Партаға дәптерді дұрыс орналастаруға тіке сызықты желімдеп қою керек. Егер гиперметропиялық астигматизм болса ұсақ заттарды, ұсақ суреттерді қолдану керек. Ал, егер миопиялық астигматизм болса жарық жақсы түсу шарт, контрастық реңде қызғыл сары және жасыл түсті көреді. Көру жүктемесі 10 минуттан аспауы тиіс.

Амблиопия – көру мүшесінің төмендеуі. Егер амблиопия туа пайда болса, бала басқаша көре алатынын білмейді. Сондықтан бала қалай көріп тұрса, солай қабылдайды. Сол себептен көзіне байланысты шағым айтпай жүре береді. Көрнекілік нақты, артық сызба, сурет болмауы керек. Тақтадағы суретке жақсы көретін көзімен қарауы қажет. Сурет, графикалық үлгілер үлкен болуы шарт.

Нистагм көз ауруында – баланың көзі төмен-жоғары, көлденең ойнақшып тұрады. Мұндай баламен жеке картамен жұмыс атқаруы керек. Жүргізіп оқыған кезде коррекциялық сызғышты пайдалануды қажет етеді. Балаға оқуға ыңғайлы уақытты таңдау қажет.

Қыли көзді ауруы (косоглазия) – көз қимылының бұзылуы. Қыли көзінің көру қалдығының төмендеуі. Егерде балада көзінің ауытқушылығы 15-20 градус болса көз әйнекті тағуға міндетті. Көздің қарашығы екі жаққа қарап тұрса, кітап қоюға арналған кітап қойғыш керек емес. Ал, егер көз мұрынға қарап тұрса, кітап қойғыш міндетті түрде қажет. Баланы асықтыруға мүлдем болмайды.

Дальтонизм – көздің көру қабілетінің бұзылуы нәтижесінде түсті ажырата алмаушылық. Түсті бірқалыпты сезетін адам негізгі үш түсті (қызыл, жасыл және көк) қабылдай алады. Дальтонизмге шалдыққан адамның қызыл және жасыл түстерді сезінуі төмендейді немесе мүлде жойылады, соның салдарынан айналадағы әлемнің түрлі-түсті көріністерін теріс қабылдайды. Көк түске сезімталдықтың кемуі өте сирек байқалады. Түсті мүлде айыра алмаушылықты түс танымау деп атайды; мұндайда айналадағы барлық заттар қара-ақ реңді болып қабылданады.

Көрудің туа біткен зақымдануының негізгі этиологиялық факторлары:

- патогендік агенттердің эмбрионалды, немесе ана құрсағында даму кезеңіндегі әсері (токсоплазмоз, мерез және басқа жұқпалы аурулардың қоздырушылары, немесе созылмалы аурулар салдары, қабыну процестері, зат алмасуының бұзылуы);

- залалды тұқым қуалаушылықтың әсері де көздің аномальды дамуын қалыптастырады:

а) микрофтальм – көз құрылымының дөрекі өзгеруі, көрудің едәуір төмендеуі және бір немесе екі көздің де көлемінің кішіреюі;

б) анофтальм – туғаннан көз алмасы жоқ;

в) катаракта – көздің шыны тәрізді мөлдір денесінің, бұршағының тұмандануы, лайлануы.

- көздің туа біткен аурулары – көздің тор қабығының пигментті дистрофиясы (дегенерация әсері), көру аймығының кішірейіп немесе оның толық жойылуы;

- астигматизм – аномальды рефракция, яғни көздің икемделу қасиетінің бұзылуы.

- туа біткен залалсыз ми, жүйке ісіктерінің әсері.

Жүре пайда болған көздің ақаулары туа біткендерге қарағанда аз кездеседі. Оның дәрежесі халыққа көрсетілетін емдік-профилактикалық көмектің жақсаруына және денсаулық сақтаудың жетістіктеріне байланысты.

Жүре пайда болған көз ақауларының негізгі этиологиялық факторлары:

- бала көзінің ауыр зақымдануы, жарақаттануы, өкпе ауруы, мерез, трахома, шешек, көз ауруларының әсері;

- көзге және миға қан құйылу, туу кезіндегі бас жарақаттары, көз және мидың жабық зақымдануы (бастың соғылуы немесе жарақаты, көздің қысылуы, сығымдалуы);

- көздің әртүрлі дәрежеде жарақаттануы;

- глаукома – көз ұлпаларының өзгеруі және көз іші қысымының көтерілуімен байланысты ауыр дәрежелі көз ауруы;

- көру жүйкесінің атрофиясы;

- орталық жүйке жүйесінің инфекциялық аурулары (менингит, менингоэнцефалит);

- организмнің кейбір жалпы ауруларынан кейін көз ақауларының асқынуы;

- алыстан және жақыннан көрмеушілік, бұл өте жиі кездесетін кемістік [3].

Көру талдағышының қызметінің бұзылу дәрежесі көру өткірлігінің төмендеуімен анықталады. Көру өткірлігі 10-12 қатарға орналасқан түрлі әріптер немесе белгілерден құралған кесте арқылы тексеріледі. Белгілердің әрбір келесі қатары, алдыңғымен салыстырғанда көру өткірлігінің 0,1d (диоптрия) сәйкестігінің айырмашылығын білдіреді. Көру өткірлігі көруге мөлшерлі сәйкес келеді. Осыған байланысты белгілер немесе әріптер кестенің 10-шы жолынан 5м қашықтықтан көрінсе, көру өткірлігі 1,0d тең болып есептеледі. Зерттелуші, осы қашықтықтан 5-1 жолдардағы әріптер мен белгілерді айқындаса, көру өткірлігі бірінші жолда-0,1 ге, ал 5 жолда – 0,5-ке тең.

Егер көру өткірлігі 0,1-ден төмен болса, саусақ санау әдісі қолданылады. 5 м қашықтықтан қолдың саусақтарын анық санаған баланың көру өткірлігі 0,09-ға тең. Қол саусақтарын 2 м қашықтықтан санау – шамамен 0,04 көз өткірлігіне сәйкес, ал 0,5 метрден – 0,01 көру өткірлігіне, ал 30 см (көздің түбінен) - 0,005 көру өткірлігіне тең. Егер бала саусақтар санын ажырата алмаса, тек жарықты сезсе – жарық сезгіштікке тең. Егер бала жарықты қараңғыдан ажырата алмаса, онда оның көру өткірлігі 0-ге тең (соқырлық).

Көруінің тұрақты бұзылуы байқалған балаларды, соқыр және өте нашар көретіндер деп бөледі.

Соқыр, немесе мүлдем көрмейтін балалар – көру арқылы сезінуі мүлдем жойылған немесе жарық сезгіштігі ғана сақталғандар, яғни шамалы көретіндер (қарапайым түзету амалдарын қолдану – көзілдірік кию арқылы жақсы көретін көздің шамамен көру өткірлігі 0,04), сонымен қатар, көру аймағы 10 градусқа дейін тарылған балалар. *Соқырлық* – бұл екі көздің де емделмейтін көру қабілетінің жойылуы.

Көру қабілетінің жойылу дәрежелері:

- *абсолютті (тотальды) соқырлық*, мұнда көріп, сезу жарық сезгіштік және түсті ажырату мүлдем болмайды;

- *іс-жүзінде көрмеу*: Көру қабілетінің қалдығы сақталған, оларды кейде жартылай көретіндер деп атайды). Оларда жарық сезгіштік, жарықты қараңғыдан ажырату деңгейі сақталған, жартылай көреді, немесе бет алдындағы қол саусақтарын санай алады, көз алдындағы заттардың түсі мен пішінін, түрін ажырата алады. Көптеген соқыр балаларда осындай қалдық көру болады.

Сонымен, соқырлық неғұрлым ерте басталса, соғұрлым баланың психикалық және физикалық дамуының ауытқуы айқын көріне бастайды.

Көру анализаторының қызметінің зақымдану мерзіміне сәйкес: соқыр болып туғандар және жүре келе көрмей қалғандар, яғни туғаннан кейін көз жанарынан айрылғандар деп те қарастырылады.

Заттардың белгілері мен құбылысын көзбен шолып қабылдаудың жоқтығы, кеңістік әлеміне бейімделудің бұзылуы олардың сезгіштік тәжірибесін жоққа шығарады, сондықтан сенсорлық және интеллектуалды (дерексіз логикалық) қызметтердің бірлесіп әрекеттенуі зақымдалады, көркем ойлаудың дамуы бөгеледі. Дыбыстарға өзгеше, өзінше бейімделу соқыр балаларға тән. Оларда қозғалыс қызметінің тез шектелуі байқалады. Соқыр болып туғандардың мағлұматтанған процесінің жоғарғы түрінің дамуы (көңіл қою, ес, ойлау, сөз) іс жүзінде қалыпты өтіп жатады. Осымен қатар ойлау қызметінің өзгешеліктері де болады. Оларда жинақталған ауызша мағына мен нақты елестетулердің өзара дұрыс қатынасуы қиын болса да қалыптасады. Көрмей қалу түрліше эмоциялы-жігерлі әрекеттер мен ерекшеліктерге әсерін тигізеді.

Жүре келе көрмей қалған балалар. Оларға ерте жас кезінен қалыптасатын көру, елестетудің сақталуы тән. Көру қабілеті неғұрлым кеш болса және оның есінде бұрынғы көріп елестетудің іздері көп сақталса, соғұрлым заттың бейнесі оның санасында жеңіл құралады немесе ауызша суреттің негізінде пайда болады. Баланың осындай қалыпты ойлау қызметі, әрекеттері сақталған талдағыштарға сүйенеді. Олардың көруі бастаушы талдағыш болып қалады. Бірақ, олардың көріп қабылдауы тек жартылай сақталған, сондықтан қабылданған мәлімет толығымен құнды емес. Ол жоғары баяулығымен, шолудың тарлығымен, дәлдіктің төмендеуімен ерекшеленеді. Соңында олардың көру қабілетінің әсері шектелген болып шығады, сандық көрсеткіші мөлшерден төмен, ал елестетулер түрліше сапаға ие: олар азырақ, анық және ашық, ал кейде бұрмаланған.

Нашар көретін балалар саны соқыр балаларға қарағанда әлдеқайда көп. Олардың көру дәрежесі - 0,05-тен 0,4 диоптрияға дейін, бірақ көзілдірік қолдану арқылы жақсы көретін балалар. Егер нашар көретін баланың жарық сезгіштігі бұзылса, онда қабылданатын реңнің жарықтық

ерекшелігі төмендейді. Алыстан немесе жақыннан көрудің айқындалуы, нашар көретін балалардың кейбір заттың сыртқы ерекшелігіне қажет белгілердің нашар бейнеленгенінен оны ажырата алмайды. Оларда кеңістікке бейімделу жиі бұзылады. Нашар көретін балалардың мінезінің де түрлі өзгерістері болады: ашушандық, тұйықтық, кейбір жағымсыз істер, тәртіп бұзушылық. Бұл кемшіліктер оқудағы, ойындағы, құрдастарымен араласу барысындағы қиындықтар мен сәтсіздіктерді туғызады. Көру жұмысы кезінде мұндай балалар тез жалығады, ал оны дамыту мен қорғау шараларының мезгілімен сақталмауы көру қабілетінің онан әрі нашарлауына әкеп соғады. Көрудің төмендеуі ақыл-ой және физикалық әрекеттердің де төмендеуіне ұшыратады.

Соқыр балалардың сөйлеу әрекеті. Коррекциялық шаралардың арасында көруді дамыту, стимуляциялау үлкен орын алады, әсіресе сақталған әрекеттерді әрі қарай дамыту, қажетті көмек көрсетуді қажет етеді.

Ауызша және жазбаша сөйлеуді дамыту үшін көріністерді өңдеу жолымен бірге дыбысты қабылдау, сезіну, вибрацияға тірелу, терілік, температуралық сезінуден қатар жүзеге асырылуы тиіс. Затты сезіну – дыбыстық бейнелердің пайда болуы, дыбысты заттың сигналды белгісі ретінде оны ажыратуға мүмкіндік береді. Баламен ауызша сөйлесу арқылы қарым-қатынас жасау – соқыр баланың заттық тәжірибені жылдам игеруіне, жалпы дамуына ықпал етеді.

Соқыр балалардың тілін дамытуда сензитивті кезеңінде белсенді көмектесу өте маңызды, бұл заттық қимылдардың түзілуіне және кеңеюіне, қоршаған орта көріністерін меңгеруіне, ойлауды дамытуына мүмкіндік береді. Компенсациялаудың бұл жолы олигофрен-балаларда мүмкін емес.

Көру қабілеті бұзылған балаларда тәжірибелік дағды аз болады, егер оларда сөйлеу қабілеті сақталмаса оның қимыл-әрекеті нашар дамиды, осыдан барып соқыр бала өзіне тән ойының құрайды: бірыңғай, қайталамалы, қарапайым қимылдар жасағанымен, олардың сөйлеу әрекетінің өсу деңгейі төмен болады. Сондықтан арнайы оқытусыз сөйлеу мен қимыл арасындағы айырмашылық азаймайды.


Соқыр балалардың танымдық қабілетіне сипаттама: бұл балалардың сезінуі – баяу, аз, жеткіліксіз. Көру көріністері де бұзылған – жартылай, әсері аз. Сөздерді есте сақтау қабілеті де төмен. Талдауда, синтездеуде, салыстыруда байқалатын қиыншылықтар-теріс қорытындылау және жеткіліксіз тұжырымдау – бұл тәжірибелік дағдының жеткіліксіздігі.

Соқыр балалардың эмоционалдық-жігерлі қабілетіне сипаттама: көңіл-күйінің төмен болуы, енжарлық, тұйықтық, қарым-қатынастағы қиыншылықтар, т.б. Бұл жағдайлардың қалыптасуы, (кейде байқалатын өте қатты ашулану, ызалану) бала тәрбиесіне қатты көңіл бөлуді қажет етеді.

Динамикасы: кейде қанағаттанарлық – яғни, кемістік өз уақытында анықталып, тәрбиелеу адекватты, дұрыс бағытта жүргізілген жағдайда. Баланың жалпы әрекетін сақтау үшін: сөз, ынта, такт, түйсіну, көмек қабылдау, шешімін өзгерту әдісі, тілегін түзету сияқты маңызды жағдайларды жақсату тәсілдерін қолдану қажет.

Сезіну және қабылдау ерекшеліктеріне сипаттама: соқырлардың барлық іс әрекеттерінде маңызды, шешуші орын алатын - есту талдағышы.

Жоғарыда қарастырылған көру қабілеті бұзылған балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін тұжырымдай келе, оны 2-сызба арқылы көрсетуге болады.



2-сызба. Көру қабілеті бұзылған балалардың психофизиологиялық ерекшеліктері

Тактильді сезім де (сипалау, қысым, температура, аурушандық) зор роль атқарады. Соқырлардың алақаны мен саусақтарының сезімталдығы, көзі көретіндерге қарағанда 2 есе артық келеді. Тері қабаттарының түр-түс және жарық тітіркенгіштеріне сезімталдығы өте жоғары. Дыбыссыз тұрған заттарды (қабырға, ағаш, жиһаздар) алыстан сезіну қабілеті дамыған, яғни оның негізі-вибрациялық сезімталдық. Түйсіну және дәм сезгіштігі жоғары дамыған, иістерді ажырату – компенсацияланған. Вестибулярлық аппараты да жақсы дамыған, сондықтан кеңістікте денесін сезінуі де жақсы [4].

В.Ф.Матвеевтың зерттеулерінің нәтижесі көрсеткендей, туа біткен және ерте пайда болған соқырлыққа тән белгілер: астеникалық сипаттағы жүйке реакциялары (шыдамсыздық, қарым-қатынастың бұзылуы, ашуланшақ) байқалады. Есейген шақта көру қабілетін жоғалтқандарда 20-30 күнге дейін аффективті - шокты (естен тану) реакциялары болады, содан кейін созылмалы психоневроз тәрізді симптомдар мен бірге астенизация, депрессивті кезең басталады, бұл жағдай ересек (30-40 жастардағы) адамдарда 3-3,5 жылға дейін созылуы мүмкін. Осымен қатар басқа да патологиялық ауытқулар, депривациялық ерекшеліктер болатынын анықтады.

Бастауыш мектеп жасындағы көруі бұзылған балалардың қабылдау мүмкіндіктері қалыпты балалармен салыстырғанда күрделірек болады. Олардың қоршаған өмірді дұрыс қабылдауын дамыту келешекте әлеуметтік ортаға белсенді бейімделуіне зор ықпалын тигізеді. Естіп қабылдау – көруі бұзылғандарға кеңістікте бағдарлануы мен қозғалысында маңызды рөл атқарады. Сондықтан көруі бұзылғандар үшін естіп қабылдау психикалық дамудың маңызды құралы болып табылады. Көруі бұзылғандарда есту қабілетінің дамуы олардың танымдық әрекеттері мен балалардың мінез-құлқына және бағдарлануына әр түрлі әсер етеді. Естуінің төмендеуі кезінде көруі бұзылған балалар есту қабылдауынан сипап сезу арқылы өзін бақылауға сүйенеді. Көру қабілеті бұзылған балалардың сипап сезу арқылы форманы қабылдауын зерттеу олардың сезімдік тәжірибелерінің жоғары екендігі және сипап сезуді тексеру тәсілдерін жылдам меңгеру қабілеттілігі анықталды.

Көру қабілеті бұзылған балаларды оқытудағы басты өзекті мәселе – біліммен бірге, мәдениетті, түрлі әлеуметтік жағдайларға бейім, еңбекқор жеке тұлғаны қалыптастыру. Бұл

қасиеттерді бала бойына дарыту үшін мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиясын терең, жетік меңгеру керек. Түрлі әдістемелік тәсілдерді пайдалана отырып, оқу материалын меңгеруі, қабылдауы оң деңгейдегі балаларды мүмкіншіліктеріне қарай дамыту – әр мұғалім-дефектологтың, тәрбиешінің басты міндеті екендігін ұмытпағанымыз абзал.

ӘДЕБИЕТ

- [1] «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының президенті – елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. //Егемен Қазақстан. –15 желтоқсан, 2012ж.
- [2] Назарова Н.М. Специальная педагогика. – Москва, 2001
- [3] Ермаков В.П., Якунин Г.А. Основы тифлопедагогика. – Москва, 2002
- [4] Выготский Л.С. Баланың жас ерекшеліктері және кемтар бала психологиясы. – Алматы, 1999

REFERENCES

- [1] «Қазақстан – 2050» Strategijasy – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Respublikasynуң prezidenti – elbasy N.Ә.Nazarbaevtуң Қазақстан halkуна zholdauy. //Egemen Қазақстан. –15 zheltоқсан, 2012zh.
- [2] Nazarova N.M. Special'naja pedagogika. – Moskva, 2001
- [3] Ermakov V.P., Jakunin G.A. Osnovy tiflopedagogiki. – Moskva, 2002
- [4] Vygotskij L.S. Balanуң zhas erekshelikteri zhәне кемtar bala psihologijasy. – Almaty, 1999

Психофизиологические особенности детей с нарушениями зрительной способности

Алипбек А.З., Абдразакова М.

alipbek_ardak@mail.ru

Южно-Казахстанский Государственный педагогический институт, г. Шымкент, Казахстан

Ключевые слова: зрение, способность, отклонение, педагогика и психология.

Аннотация. Основным вопросом обучения детей с нарушениями зрительных способностей – наравне с обучением формирование культуры, адаптация к различным социальным изменениям, воспитание склонностей трудолюбия. Внедрение этих качеств позволяют ребенку в дальнейшем быть в социуме равноправным членом, устойчивой психологией. Дети с нарушениями зрительных способностей зачастую невнимательны, нервозны, по разному воспринимают все новое. Ошибочно мнение о том, что из слабовидящих мало что может получиться. Каждый учитель-дефектолог, воспитатель обязан применять различные методики, учебные материалы для их обучения и воспитания.

А.З.Алипбек, старший преподаватель, кандидат педагогических наук
ЮКГПИ, г. Шымкент, Казахстан

М.Абдразакова, по специальности: 5В010300 – педагогика и психология, студент 4-курса
КӨРУ ҚАБІЛЕТІ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХОФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
Психофизиологические особенности детей с нарушениями зрительной способности

A.Z.Alipbek, Ph.D., Senior Lecturer

M. Abdrazakova, in the specialty: 5B010300 – pedagogics and psychology,
the student 4 course

SKSPI, c. Shymkent, Kazakhstan

Поступила 27.03.2015 г.

МАЗМҰНЫ

Еспаев С.С. Әлемдік экономика және Қазақстан: жаңа үрдістері, міндеттері мен ұсыныстары.....	5
Сабден О., Аширов А. ХХІ ғасырдағы адамзат дамуының концепциясы және азық – түлік қауіпсіздігі.....	15
Днишев Ф.М. Жаңа технологиялық қалыптарды дамытуға мемлекеттік-жеке меншік әдістері.....	30
Бірімбетова Н.Ж. Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың ынталандыру тетіктері.....	36
Османов Ж.Д. Қазақстандағы бағалы қағаздар нарығының институционалды дамуы.....	42
Жаубасов Б. Тиімді мемлекеттік қызмет: сын-қатерлер мен шешімдер.....	49
Абдулвалиева Т.В. Машинажасау өнімінің тиімділігінің өсуін қамтамасыз етудің макроэкономикалық тетіктері.....	56
Айтжанова А.Д. Қазақстанның минералды-шикізаттық кешенінің тұрақты қызмет етуі мақсатында ресурстық-шикізаттық саясатты жетілдірудің векторлары.....	64
Халитова М. Қазақстан азаматтарының жинақталған зейнетақысына кепілдік беру жүйесін жетілдіру.....	71
Байбергенова Л.Ж., Шаймарданова В.К. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде гендерлік тетіктерді қолдану.....	77
Досманбетова М.С., Рузанов Р.М. К.-Э. Свейбидің материалды емес активтерге мониторы негізіндегі қазақстандық кәсіпорындардың зияткерлік капиталын бағалау.....	83
Турсынбаева Д.К., Жадигерова О.Ж., Бекжанова Т.К. Көленкелі экономиканың көлемін бағалау әдістері және оның жетілдіру жолдары.....	90
* * *	
Аюпова З.К., Құсайынов Д.Ө. Қазақстан Республикасындағы азаматтық қоғам қалыптасуының теориялық алғышарттары мен тарихы.....	97
Жанакова Н.Н., Бабажанова Ж.А. Кедейлікпен күрестегі әлемдік саясат: Нидерланды, Германия, Қытай тәжірибесі.....	105
Жохов А.Л., Рақымбек Д., Юнусов А.А., Сайдахметов П.А. ² , Оразалиева Р.Н. Кәсіби мәдениет - қазіргі заманғы білім беруді жақсартудың басты бағдары.....	112
Сабдалиева Ә.К. Асан Қайғы мен Қазтуған жыраудың шығармаларындағы діни сөздер.....	119
Қожамқұлова Ж.Ж., Қойшыева Т.Қ., Есентаев Қ.Ө. Болашақ мұғалімдерді кәсіби дайындау үдерісінде ақпараттық технология құралдарына оқытуды жобалау негіздері.....	125
Досжан Р.К. Қазақ мәдениетінің дамуына үлес қосқан данышпандар - Абай пен Шәкәрімнің рухани бірлігі.....	129
Кенжебаев Д.А. Әскери-ғарыш саласының тарихи зерттеуі әдіснаманың кейбір сұрақтары.....	133
Плохих Р. В., Бекарыстанова Л. Б., Келинбаева Р. Ж. Елді-мекенді аумақтардың тұрақты дамуы үшін әлеуметтік инфроқұрылымды зерттеудегі ГАЖ.....	140
Байжолова Р.А., Абылкасимова Ж.А. Ұлттық еңбек нарығындағы жұмыспен қамту және тұрғындардың экономикалық белсенділігінің арақатынасы.....	152
Турмамбеков Т.А. Т., Саидрахметов П. А., Нуруллаев М.А., Серимбетова А.Е. Мектеп оқушыларының физикадан білімін және шеберлігін критериялы бағалаудың мәселелерін шешудің кейбір негіздері мен жолдары.....	159
Бәбіжан Б.Ж. Қазақтың кәсіби әншілік өнерінің қалыптасуы және орындаушылық ерекшеліктері.....	168
Айтжанова Г.Д. Шет тілдері бойынша оқу құралдарында лексикалық жаттығуларды бекіту жүйесінің кластерлік әдісі.....	173
Исабаева С.Н., Чанбаева М.К., Скакова А.Ж., Рысқұлов Т. Интранет-портал бизнес жүргізудің тиімді құралы.....	183
Исмагулова Р.С. Коммуникативтік құзыреттіліктің шет тілін оқып үйренудегі рөлі.....	186
Дүйсенова Н.Б., Байқазиева Р.Т., Нүсіпбекова А.Н. Білім беру жүйесіндегі компьютерлік технологияны қолдану.....	190
Кердяшкина Г.В. Айтпаев А.Т. Кердяшкин В.В. Іле Аталау тауларындағы жаңадан табылған петроглифтар.....	193
Жүнісова Б.Н. Мемлекет пен ұлт құрау барысындағы тіл саясаты мен реформалары (Қазақстан мен Түркия мысалдарында).....	197
Сериев Б. А., Нұрмағанбет Е.Т. Мемлекеттік инвестициялық құқықтық саясат.....	205
Ізбасова А.Б. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттің тетігі және құқықтық құралдары.....	209
Абдукадирова Ж.А., Қурманбаева М.С. Ботаника пәнін оқытуда соя өсімдігінің онтогенезінде даму ерекшеліктерін студенттердің практикалық білімін арттыру мақсатында қолдану.....	212
Нурланова В.С. Балалар қоғамдық бірлестіктері – баланы әлеуметтендіру факторы.....	218
Анарбекова В.Э. Қырғыз халқының бірегей ескерткіш ретінде жанр «Koshok».....	221
Мусуралиева М.М. Ақпараттық ресурстар - Қырғыз Республикасының саяси қауіпсіздігі үшін құралы ретінде.....	227
Мураталиева Н.Х. Тұлғалық ерекшеліктері және болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерінің сипаттамаларын зерттеу.....	232
Раева Ч.Т. Математика сабақтарында компьютерлік технологияны қолдану үшін дидактикалық талаптар.....	236
Өпендиев Т.Ө. Қазақстан аумағында неміс диаспорасының миграциялық толқынының пайда болу мәселелері.....	240
Жакупов Ж.А. Қазақ лингвофольклортануының ғылымтанулық тұғыры.....	248
Әліпбек А.З., Таутаева Г.Б. Жастармен әлеуметтік жұмыс жүргізудің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері.....	256
Әліпбек А.З., Абдразакова М. Көру қабілеті бұзылған балалардың психофизиологиялық ерекшеліктері.....	263
Бектепова З.А. Заң сапасы: елеулі аспектілерін талдау.....	271
Тайторина Б.А., Тусупбекова С.К. Құқықтың қайнар көздері: заманауи заң ғылымдарындағы интерпретациялау мәселелері.....	276
Ақынова Ж.М. Шет тілін оқытуда интерактивті әдістерді қолдану арқылы студенттердің білім сапасын арттыру.....	287
Турдалиева Э.Д., Ақынова Ж.М., Тукбаева К.С. Шет тілін оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндігі мен тиімділігі.....	292

СОДЕРЖАНИЕ

ЭКОНОМИКА КАЗАХСТАНА И ГЛОБАЛЬНЫЕ ВЫЗОВЫ СОВРЕМЕННОСТИ

<i>Еспаев С.С.</i> Мировая экономика и Казахстан: новые тенденции, задачи и предложения.....	5
<i>Сабден О.С., Аширов А.</i> Концепция развития человечества в XXI веке и продовольственная безопасность.....	15
<i>Днишев Ф.М.</i> Методы государственно-частного партнерства в развитии новых технологических укладов.....	30

ИНСТИТУЦИОНАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ

<i>Бримбетова Н.Ж.</i> Механизмы стимулирования развития местного самоуправления в Казахстане.....	36
<i>Османов Ж.Д.</i> Институциональное развитие рынка ценных бумаг в Казахстане.....	42
<i>Жаубасов Б.Ж.</i> Эффективная государственная служба: вызовы и решения.....	49

ПРИОРИТЕТЫ РАЗВИТИЯ РЕАЛЬНОГО СЕКТОРА ЭКОНОМИКИ

<i>Абдулвалиева Т.В.</i> Макроэкономические механизмы обеспечения роста эффективности машиностроительной продукции.....	56
<i>Айтжанова Д.А.</i> Векторы совершенствования ресурсно-сырьевой политики в целях устойчивого функционирования минерально-сырьевого комплекса Казахстана.....	64

ПЕНСИОННАЯ СИСТЕМА И ГЕНДЕРНАЯ ПОЛИТИКА

<i>Халитова М.М.</i> Совершенствование системы гарантирования пенсионных накоплений граждан Казахстана.....	71
<i>Байбергенова Л.Ж., Шаймарданова В.К.</i> Применение гендерного механизма в системе образования Республики Казахстан.....	77

ПРИКЛАДНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ НАУКИ

<i>Досманбетова М.С., Рузанов Р.М.</i> Оценка интеллектуального капитала казахстанских предприятий на основе монитора нематериальных активов К-Э. Свейби.....	83
<i>Турсынбаева Д.К., Жадигерова О.Ж., Бекжанова Т.К.</i> Методы оценки размеров теневой экономики и пути ее совершенствования.....	90

* * *

<i>Аюпова З.К., Кусаинов Д.У.</i> Теоретические предпосылки и история становления гражданского общества в РК.....	97
<i>Жанакова Н.Н., Бабажанова Ж.А.</i> Мировой опыт борьбы с бедностью: на примере Нидерландов, Германии, Китая.....	105
<i>Жохов А.Л., Рахымбек Д., Юнусов А.А., Саидрахметов П.А., Оразалиева Р.Н.</i> Культура профессионала – главный ориентир совершенствования современного образования.....	112
<i>Сабдалина А.К.</i> Религиозные слова встречающиеся в поэзии Асан Кайгы и Казтуган жырау.....	119
<i>Қоғамқұлова Ж.Ж., Қойшыева Т.Қ., Есентаев Қ.Ө.</i> Основы проектирования обучения средствам информационной технологий в процессе профессиональной подготовки будущих учителей.....	125
<i>Досжан Р.К.</i> Духовное единство мыслителей, внесших вклад в развитие казахской культуры – Абая и Шакарима.....	129
<i>Кенжебаев Д.А.</i> Некоторые вопросы методологии изучения истории военно-космической отрасли.....	133
<i>Плохих Р. В., Бекарыстанова Л.Б., Келинбаева Р.Ж.</i> ГИС в изучении социальной инфраструктуры для целей устойчивого развития селитебной территории.....	140
<i>Байжолова Р.А., Абылкасимова Ж.А.</i> Соотношение занятости и экономической активности населения на национальном рынке труда.....	152
<i>Турмамбеков Т.А., Саидрахметов П. А., Нуруллаев М.А., Серимбетова А.Е.</i> О некоторых основаниях и путях решения проблемы критериального оценивания знаний и умений учащихся школы по физике.....	159
<i>Бабижан Б.Ж.</i> Становление казахского профессионального песенного искусства и исполнительские особенности.....	168
<i>Айтжанова Г.Д.</i> Кластерный метод организации лексических упражнений для закрепления в учебниках по иностранному языку для неязыковых школ.....	173
<i>Исабаева С.Н., Чанбаева М.К., Скакова А.Ж., Рыскулов Т.</i> Интранет-портал бизнес жүргізудің тиімді құралы.....	183
<i>Исмагулова Р.С.</i> Роль коммуникативной компетенции в обучении иностранного языка.....	186
<i>Дуйсенова Н.Б., Байказиева Р.Т., Нусипбекова А.Н.</i> Применение компьютерных технологии в системе образования.....	190
<i>Кердяшкина Г.В., Айтбаев А.Т., Кердяшкин В.В.</i> Новая находка петроглифов в высокогорье Заилийского Алатау.....	193
<i>Жунусова Б.Н.</i> Языковая политика и языковые реформы в государственном и национальном строительстве (на примере Казахстана и Турции).....	197
<i>Сериев Б.А., Нурмаганбет Е.Т.</i> Государственная инвестиционно-правовая политика.....	205
<i>Избасова А.Б.</i> Правовые средства и механизмы противодействия коррупции.....	209
<i>Абдукадирова Ж.А., Қурманбаева М.С.</i> Использование в целях повышения практических знаний студентов в изучении особенностей развития сои в онтогенезе на занятиях по ботанике.....	212
<i>Нурланова В.С.</i> Детские общественные организации как фактор социализации ребенка.....	218
<i>Анарбекова В.Э.</i> Жанр «Кошок» как уникальный памятник кыргызского народа.....	221
<i>Мусуралиева М.М.</i> Информационные ресурсы – как инструмент обеспечения политической безопасности КР.....	227
<i>Мураталиева Н.Х.</i> Изучение личностных свойств и особенностей будущих учителей начальных классов.....	232
<i>Раева Ч.Т.</i> Дидактические требования к применению компьютерной технологии на уроках математики.....	236
<i>Апендиев Т.А.</i> Проблемы возникновения миграционного потока немецкой диаспоры в Казахстане.....	240
<i>Жакупов Ж.А.</i> Научно-ведческие позиции казахской лингвофольклористики.....	248
<i>Алипбек А.З., Таутаева Г.Б.</i> Особенности ведения психолого-педагогической социальной работы с молодежью.....	256
<i>Алипбек А.З., Абдразакова М.</i> Психофизиологические особенности детей с нарушениями зрительной способности.....	263
<i>Бектепова З.А.</i> Качество закона: анализ содержательного аспекта.....	271
<i>Тайторина Б.А., Тусупбекова С.К.</i> Источники права: проблемы интерпретации в современной юридической науке.....	276
<i>Ақынова Ж.М.</i> Эффективное использование интерактивной методики обучения иностранному языку в высших учебных заведениях.....	287
<i>Турдалиева Э. Д., Ақынова Ж. М., Туткабекова К.С.</i> Возможности и эффективности использования информационно-коммуникативных технологии в обучении иностранным языкам.....	292

**PUBLICATION ETHICS AND PUBLICATION MALPRACTICE
IN THE JOURNALS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www:nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

social-human.kz

Редакторы *М.С. Ахметова, Д.С. Аленов, Т.К. Апендиев*
Верстка на компьютере *Д. Н. Калкабековой*

Подписано в печать 04.04.2015.
Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.
21 п.л. Тираж 3000. Заказ 2.

Национальная академия наук РК
050010, Алматы, ул. Шевченко, 28, т. 272-13-18, 272-13-19